

Қостанай облысы әкімдігі
мәдениет басқармасының
«Облыстық куыршақтар театры»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



Коммунальное государственное
казенное предприятие
«Областной кукольный театр»
Управления культуры
акимата Костанайской области

110000, Қостанай қаласы, Перронная көшесі, 20
тел/факс 53-64-03
e-mail: Kost.pupet@mail.ru

110000, город Костанай, ул. Перронная, 20
тел/факс 53-64-03
e-mail: Kost.pupet@mail.ru

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет
басқармасының «Облыстық куыршақ
театры» КМҚК 2026 жылғы 19
тамыздағы № 44 бұйрығына
қосымша



Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық куыршақ театры» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (жауапты тұлға) туралы ішкі ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық куыршақ театры» КМҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (жауапты тұлға) туралы осы ішкі ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің негізгі міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ олардың жұмысын ұйымдастыру мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже осы Ережеде көзделген жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғаларға қолданылады.

3. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық куыршақ театры» КМҚК (бұдан әрі – Театр) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын, штат санын және қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ішкі ережені бекітеді.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысын ұйымдастыру

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Жауапты тұлға) – осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Театрдың құрылымдық бөлімшесі.

5. Жауапты тұлға Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңды, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Ішкі ережені және Театрдың ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

6. Театр Үлгілік ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді, атап айтқанда:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің не орталық мемлекеттік органның шешімі бойынша құрылған;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің еншілес, тәуелді немесе аффилиирленген ұйымдары, филиалдары не өкілдіктері бар;

3) қызметкерлердің орташа жылдық саны жүз адамнан астам.

Осыған байланысты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (бұдан әрі – Қызмет) функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлға (бұдан әрі – Жауапты тұлға) айқындалады, оған Қызметтің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері қолданылады.

7. Жауапты тұлғаның тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алуға, қаржыға, бухгалтерлік есепке, кадрлық және шарттық жұмыстарға, мүлікті басқаруға, ішкі аудитке, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жауапты тұлға тарапынан мониторинг жүргізілуіне жататын процестерді құқықтық сүйемелдеуге байланысты функциялар жүктелмейді.

8. Жауапты тұлға өз функцияларын Театрдың атқарушы органынан, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Жауапты тұлға комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттыруы қажет.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (Жауапты тұлғаның) негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

10. Жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

1. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу құралдарының енгізілуін қамтамасыз ету;
2. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
3. квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптардың және озық халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
5. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

11. Жауапты тұлға мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады;
4. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету мен жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жүргізеді;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді;
6. квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
7. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауына бақылауды қамтамасыз етеді;
8. квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
9. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын орындауын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді;
10. өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен мүдделер қақтығысын анықтау, болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
11. мүдделердің ықтимал немесе нақты қақтығысының болуы туралы жазбаша сұрау салуларды, хабарламаларды және келіп түскен өзге де ақпаратты қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екендігі туралы қорытынды шығарады;
12. мүдделердің ықтимал немесе нақты қақтығысы болған жағдайда, оны реттеу жөніндегі ұсынымдары бар қорытындыны тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға ұсынады, бұл ретте мүдделер қақтығысы туындаған тұлғаға, оның тікелей басшысына және (немесе) өзге де мүдделі тұлғаларға бір мезгілде хабарлайды;
13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шаралардың орындалуына мониторинг жүргізеді;
14. мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу мәселелерін регламенттейтін құқықтық актілердің ережелерін түсіндіреді;
15. контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

16. квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;
17. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;
18. квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігін бағалайды;
19. анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру бойынша қаралуы міндетті ұсынымдарды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына және тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге енгізеді;
20. квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын туындатпаса, комплаенс, іскерлік әдеп, тұрақты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
21. сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

12. Жауапты тұлға мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді:

1. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;
2. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бакылау шараларын сақтауы;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі талаптардың сақталуы;
4. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңның 14-бабында көрсетілген жағдайларда жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен және (немесе) өзге де байланысты адамдармен бірлесіп жұмыс істеуге тыйым салуды сақтауы;
5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуға не қандай да бір өзге жолмен шешімдерге ықпал етуге, сондай-ақ Заңның 15-3-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруға тыйым салуды сақтауы;

6. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың өзі лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйымда немесе оған бағынысты ұйымдарда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуге тыйым салуды сақтауы;
7. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың атқаратын немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүдделері үшін пайдалануға тыйым салуды сақтауы;
8. қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттері үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, қызметтерді алуға және (немесе) беруге тыйым салудың сақталуы;
9. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығарып алу мақсатында қызметтік және ресми таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салудың сақталуы;
10. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, оның ішінде интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға тыйым салуды сақтауы;
11. бұрын мемлекеттік қызметте лауазым атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдардың сақталуы.

13. Жауапты тұлға өз құзыреті шегінде:

1. өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді және материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратады және алады;
2. Театрдың цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізеді;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Театрдың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларын, қызметтік тексерулер мен қызметтік тергеп-тексерулер жүргізуге қатысады;
4. қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан тұлғадан, сондай-ақ қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде басқа да тұлғалардан жазбаша түсініктемелер алады;
5. Театрдың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпаратын тыңдайды;
6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді;
7. жеке мүдделері туралы декларацияларды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған өзге де ақпаратты зерделеу арқылы мүдделер қақтығысын анықтауды жүзеге асырады.

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (Жауапты тұлғаның) жұмыс тәртібі

- 14.** Жауапты тұлғаның қызметі Театр басшысы бекітетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.
- 22.** Жұмыс жоспарына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу, мүдделер қақтығысын анықтау, оқыту іс-шараларын өткізу, ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шаралар енгізіледі.
- 23.** Жауапты тұлғаның ұсынымдары мен қорытындылары, оның ішінде ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы қорытындылар және оны реттеу жөніндегі ұсынымдар Театр басшысына, тиісті шараларды қабылдауға өкілетті тұлғаға немесе тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жолданады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде қаралуға жатады.
- 24.** Ұсынымдар мен қорытындыларды қарау қорытындылары бойынша Театр басшысы немесе құрылымдық бөлімшелер қабылданған шаралар туралы Жауапты тұлғаға хабарлайды не оларды орындаудың мүмкін еместігі туралы уәжді негіздеме ұсынады.
- 25.** Театр жылына кемінде бір рет Театр басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы және оларды жою жөніндегі шаралар, сондай-ақ мүдделер қақтығысының жағдайлары және оның алдын алу мен реттеу жөніндегі шаралар туралы мәліметтерді қамтитын қызметі туралы есеп ұсынады.
- 26.** Жауапты тұлға тоқсан сайын бірыңғай Қызметке есептер ұсынады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша оған құжаттарға, ақпараттық жүйелерге және қызметкерлерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.
- 27.** Жауапты тұлғаға келіп түскен құжаттар, өтініштер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау жөніндегі талаптарын сақтай отырып қаралады.
- 28.** Театр басшысы өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жүргізуді қамтамасыз етеді және бағынысты тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларының тиісті міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауаптылықта болады.
- 29.** Жауапты тұлға өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 30.** Осы Ереже Театрдың ресми интернет-ресурсында орналастырылады және қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

- 31.** Жауапты тұлға туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), фотосуреті және байланыс деректері Театр ғимаратында көпшілікке көрінетін орындарда және Театрдың интернет-ресурстарында орналастырылады.
- 32.** Театр Жауапты тұлғаға қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның өкілеттіктерін орындауы үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстар ұсынады.
- 33.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметіне кедергі келтіруге, ақпаратқа қолжетімділікті негізсіз шектеуге, сондай-ақ өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оның басшысы мен қызметкерлеріне ықпал етуге жол берілмейді.
- 34.** Жауапты тұлғаның қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қолжетімділік негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылданбаған немесе мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.
- 35.** Жауапты тұлғаға әдістемелік қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.
- 36.** Жауапты тұлға тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға Театрда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпарат жолдайды.